

Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің әлеуметтік-экономикалық дамуының 2025 жылға және 2026 – 2028 жылдар кезеңіне арналған ресми болжамдарын дайындау үшін болжамдардың сыртқы параметрлерінің интервалдық сандық мәндерін бекіту туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2025 жылғы 24 маусымдағы № 58 шешімі

Келісілген макроэкономикалық саясатты жүргізу туралы хаттаманың (2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа № 14 қосымша) 4-тармағының 5-тармақшасына сәйкес Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы **шешті:**

1. Қоса беріліп отырған Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің әлеуметтік-экономикалық дамуының 2025 жылға және 2026 – 2028 жылдар кезеңіне арналған ресми болжамдарын дайындау үшін болжамдардың сыртқы параметрлерінің интервалдық сандық мәндері бекітілсін.

2. Осы Шешім ресми жарияланған күннен бастап күнтізбелік 30 күн өткен соң күшіне енеді.

*Еуразиялық экономикалық комиссия
Алқасының Төрағасы*

Б. Сағынтаев

Еуразиялық экономикалық
комиссия Алқасының
2025 жылғы 24 маусымдағы
№ 58 шешімімен
БЕКІТІЛГЕН

Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің әлеуметтік-экономикалық дамуының 2025 жылға және 2026 – 2028 жылдар кезеңіне арналған ресми болжамдарын дайындау үшін болжамдардың сыртқы параметрлерінің интервалдық сандық мәндері

	Өлшем бірлігі	Болжам			
		2025 жыл	2026 жыл	2027 жыл	2028 жыл
1. Әлем экономикасының даму қарқыны болжамдарының интервалдық сандық мәндері (сатып алу қабілетінің тепе-теңдігі бойынша есептеу)	өткен жылға қатысты пайызбен	2,5 – 3,3	2,6 – 3,3	2,7 – 3,3	2,6 – 3,3

2. Brent маркалы мұнай бағасы болжамдарының интервалдық сандық мәндері	баррельге АҚШ доллары	61,0 – 78,0	52,0 – 75,0	52,0 – 75,0	52,0 – 75,0
--	-----------------------	-------------	-------------	-------------	-------------

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК